

Бірдей басымдылығы бар өтініш берушілер арасында аукцион өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 316 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 маусымда № 16994 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертуі!

Осы бұйрық 29.06.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бірдей басымдылығы бар өтініш берушілер арасында аукцион өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы

Бірдей басымдығы бар өтініш берушілер арасында аукцион өткізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.11.2022 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы бірдей басымдығы бар өтініш берушілер арасында аукционды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Жер қойнауы туралы кодекс) 278-бабының 6-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірдей басымдығы бар өтініш берушілер арасында аукционды өткізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аукцион – тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып электрондық нысанда өткізілетін жабық сауда-саттық нысаны, бұл ретте лицензияларға өтініштерді қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган айқындаған қатысушылар өз ұсыныстарын жария түрде растайды;

2) аукцион адымы – қол қою бонусының мөлшері ұлғайтылатын шама;

3) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;

4) аукцион қорытындыларының тізілімі – аукционға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін және қол қойылатын бонустардың мөлшерлерін көрсете отырып, әрбір аукцион бойынша блогын (тарын) көрсете отырып, аукцион қорытындылары бойынша тізілімнің веб-порталы автоматты түрде қалыптастыратын мәліметтер;

5) аукциондық нөмір – электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде қатысушыға аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;

6) аукцион объектісі (бұдан әрі – объект) – блокты (блоктарды) лицензияға басым тәртіппен енгізу құқығы;

7) бағдарлама – құзыретті орган бекітетін мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы;

8) геоақпараттық сервис (бұдан әрі – геосервис) – жер қойнауы учаскелері шегінде пайдалы қатты қазбаларды барлау және/немесе өндіру үшін берілетін аумақтар туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық сервис жүйелі байқаулардың, жерүсті түсірілімдерінің, зерттеулердің, түгендеулердің, жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік

бақылау материалдарының нәтижелерін енгізу арқылы алынған осындай учаскелерді пайдалану туралы деректерді енгізуге, жинауға, өңдеуге, талдауға арналған аукцион негізінде беріледі, жерді пайдалану мен қорғау, мұрағаттық деректер, жерді қашықтықтан зондтау деректері, мәліметтер, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан, сондай-ақ жер мен жер қойнауының жай-күйі туралы басқа да мәліметтерден алынған;

9) жеңімпаз – объект үшін қол қойылатын бонустың ең жоғары мөлшерін тіркелген өзге қатысушылар арасында растаған аукционға қатысушы немесе аукционға жалғыз тіркелген қатысушы болып табылатын аукционға қатысушы;

10) жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – ЖҚПБП) – жер қойнауын пайдалану саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

11) жоғарылатуға арналған аукцион – қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері аукционның алдын ала жарияланған қадамымен арттырылатын аукцион әдісі;

12) қатысушы – аукционға қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе заңды тұлға;

13) қатысуға өтінім – қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензия беруге өтініш беруші берген аукционға қатысуға өтінім;

14) қол қойылатын бонустың ағымдағы мөлшері – аукцион барысында қалыптасатын қол қойылатын бонустың мөлшері;

15) қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 726-бабына сәйкес белгіленген объект бойынша аукцион басталатын қол қойылатын бонустың мөлшері;

16) қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері – аукцион қорытындылары бойынша блокқа (блоктарға) қатысты айқындалған қол қойылатын бонустың ең жоғары мөлшері;

17) лицензия – аукцион қорытындылары бойынша блокқа (блоктарға) басымдықты айқындау нәтижесінде құзыретті орган беретін пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия;

18) лицензияға өтініш – қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензия беру туралы өтініш;

19) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы (бұдан әрі – тізілімнің веб-порталы) – мемлекеттік мүлік тізілімін сату объектілері туралы электрондық дерекқорға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын, e-qazyna.kz адресі бойынша интернет желісінде орналасқан интернет-ресурс (бұдан әрі – тізілім);

20) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру және есепке алу саласындағы бірыңғай

техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер жүктелген, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға;

21) электрондық әмиян – қатысушының екінші деңгейдегі банктегі бірыңғай оператордың есеп айырысу шотына енгізген ақшасын көрсету үшін тізілімдегі дербес шоты;

22) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

23) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – ЭЦҚ құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Егер аталған өтініштер құзыретті органның аталған блоктар бойынша лицензияға өтініштерді қабылдауы басталған күннен бастап бір ай ішінде бағдарламаға алғаш рет енгізілген бір блок бойынша берілсе, лицензия беру туралы өтініштер бірдей басымдылыққа ие болып есептеледі.

4. Аукцион лицензияға өтініштерінің басымдығы бірдей, олар бойынша құзыретті органның қарауы нәтижесінде лицензия беруден бас тарту туралы шешім қабылданбаған өтініш берушілер арасында өткізіледі.

5. Аукцион берілетін лицензияға қосу үшін блокқа (блоктарға) басымдықты айқындау мақсатында өткізіледі.

6. Аукционға қатысу үшін тіркелмеген, сол сияқты оған қатыспаған өтініш берушілер тиісті блок бойынша басымдықтан бас тартқан болып есептеледі.

7. Аукционды ұйымдастыру мен өткізуді жер қойнауы туралы Кодекстің 278-бабының 6-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасына және осы Қағидаларға сәйкес тізілімнің веб-порталында құзыретті орган жүзеге асырады.

8. Бірыңғай оператор ЖҚПБП және тізілімнің веб-порталының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аукцион бірдей басымдығы бар лицензияға өтініштерде көрсетілген бір немесе бірнеше блок бойынша жоғарылатуға өткізіледі.

10. Геосервисте блок нөмірі мен мәртебесін көрсете отырып, бағдарламада бекітілген блоктар бойынша графикалық ақпарат көрсетіледі.

11. Сәйкес келетін блоктар туралы өтініш берушіге хабарламаны және аукционға қатысуға шақыруды құзыретті орган ЖҚПБП-да қалыптастырады және бағдарламаға алғаш рет енгізілген блоктар бойынша лицензияларға өтініштер қабылдау басталған

күннен кейін бір ай өткен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей қатысушының жеке кабинетінде тізілімнің веб-порталында автоматты түрде орналастырылады құзыретті орган өтініш берушінің лицензияға өз өтінішінде көрсеткен электрондық мекенжайына жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Бірдей басымдылығы бар өтініш берушілер арасында аукцион өткізу тәртібі мен мерзімдері

12. Аукционды өткізуге дайындық мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) аукцион үшін объект айқындалады;
- 2) әрбір объект бойынша қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері айқындалады;
- 3) аукционды өткізу мерзімдері белгіленеді;
- 4) аукцион өткізу туралы хабарлама жарияланады;
- 5) қатысушыларды тіркеу жүргізіледі.

13. Құзыретті орган аукционды өткізу туралы хабарламаны осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес хабарлама жіберілгеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімнің веб-порталында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

14. Аукцион он жұмыс күнінен ерте емес, бірақ аукцион өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

15. Аукцион өткізу туралы хабарлама мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) аукционды өткізу күні мен уақыты;
- 2) объектілер блоктары бойынша мәліметтер:
блоктың (тардың) сәйкестендіру (лер) нөмірі (лері);
қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері;

аукцион өткізілетін блокты және өтініштер санын қамтитын лицензияға өтініштер беру күні;

- 3) қатысуға өтінімді қабылдау мерзімі;
- 4) аукционды өткізу тәртібі, оның ішінде жеңімпазды айқындау шарттары;
- 5) құзыретті орган және бірыңғай оператор бойынша байланыс ақпараты;
- 6) аукцион туралы қосымша ақпарат.

16. Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

- 1) жеке тұлғалар үшін: ЖСН, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: БСН, толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) ;

- 3) байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефон, e-mail).

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы өтінішті тіркегенге дейін тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

16-1. Жеке және заңды тұлғалардың қатысуға арналған өтініштерін қалыптастыру, қабылдау және өңдеу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) тізілім веб-порталында жеке және заңды тұлғалардың қатысуға арналған өтінішті қалыптастыруы және қол қоюы;
- 2) қатысуға арналған өтінішті құзыретті органның қабылдауы және өңдеуі;
- 3) тізілім веб-порталында қатысуға арналған өтінішті өңдеу мәртебесін көрсету.

Ескерту. Қағидалар 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап олар тізілімнің веб-порталында тіркелгеннен кейін жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берілген қатысуға өтінімді (1 қосымшаға сәйкес) кері қайтара алмайды.

18. Қатысуға өтінімде көрсетілетін деректер тізілімнің "Заңды тұлғалар", "Жеке тұлғалар", "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорларымен, "Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесімен, "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі, "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шоттар" ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылы нәтижесінде расталуға жатады және салық органдарының ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

19. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік дерекқорлардан және ақпараттық жүйелерден деректерді автоматты режимде алған жағдайда тізілім веб-порталы мәліметтерді тексеруді жүргізеді.

Осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы тізілім веб-порталының қатысуға арналған өтінімді тіркеуден бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Қатысушыға қатысуға арналған өтінішті тіркеу не мұндай өтінішті тіркеуден бас тарту себептері туралы хабарлама автоматты түрде қатысушының жеке кабинетінде тізілімнің веб-порталында орналастырылады.

Өтінім берушінің немесе тұлғаның тікелей немесе жанама бақылайтын немесе оның бақылауындағы адамның қатысуға арналған өтінім берілген күннің алдындағы бес жыл ішінде қол қойылатын бонусты төлемеуі де осындай өтінімді тіркеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Тізілімнің веб-порталы аукцион өткізу басталғанға дейін кемінде бес минут бұрын қатысуға өтінімді кері қайтарып алған қатысушының аукциондық нөмірін жояды.

21. Құзыретті орган мен бірыңғай оператор аукционды дайындау мен оны өткізудің бүкіл кезеңі ішінде қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жария етпейді.

22. Аукцион залында аукцион "Жекешелендіру объектілерін сату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сейсенбі-жұма аралығында өтеді. Аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

23. Егер аукцион аяқталатын сәтте сағат 17: 00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда объектіні сатып алуға өзінің ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз деп танылады және осы объект бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

24. Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақытында аукцион залында қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін автоматты түрде орналастыру арқылы басталады.

Бастапқы мөлшерді құзыретті орган айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінде айқындайды.

25. Қол қойылатын бонустың мөлшерін өзгерту қадамы келесідей белгіленеді:

1) Қол қойылатын бонустың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000 еселенген мөлшеріндегі ағымдағы мөлшері кезінде өзгерту қадамы 25 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

2) Қол қойылатын бонустың ағымдағы мөлшері айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000 еселенгеннен 50000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 20 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

3) Қол қойылатын бонустың бастапқы немесе ағымдағы мөлшері айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 50000 еселенгеннен 100000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

4) Қол қойылатын бонустың ағымдағы мөлшері айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100000 еселенгеннен 250000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

5) Қол қойылатын бонустың ағымдағы мөлшері айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 250000 еселенген мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

26. Аукцион мынадай түрде өткізіледі:

1) егер аукцион залында қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері расталған сәттен бастап он минут ішінде қатысушы қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес белгіленген кадамға ұлғайту арқылы объектіні сатып алуға өзінің ниетін растаса, онда қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері белгіленген кадамға ұлғайтылады;

2) егер аукцион залында қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері расталғаннан кейін он минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін ұлғайту арқылы объектіні сатып алу ниетін растамайтын болса, онда қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы объект бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер қол қойылатын бонустың ағымдағы мөлшері ұлғайғаннан кейін он минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі қол қойылатын бонустың ағымдағы мөлшерін ұлғайту жолымен объектіні сатып алу ниетін растамайтын болса, онда объектіні сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы объект бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

4) егер аукцион аяқталған сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы анықталмаса, онда объектіні сатып алуға өзінің ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз болып танылады және осы объект бойынша аукцион өтті деп танылады.

Объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың бірі қол қою бонусының барынша расталған мөлшеріне дейін жүргізіледі. Егер қатысушы қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін растаса, бір ғана қатысушы тіркелген аукцион өткізілген болып танылады.

Әрбір сатылған объект бойынша аукцион қорытындылары аукцион қорытындылары туралы хаттамамен ресімделеді, оған аукцион өткізілетін күні құзыретті орган ЭЦҚ-мен тізілім веб-порталында қол қояды.

Аукцион қорытындылары туралы хаттама аукцион қорытындыларын және қатысушы растаған қол қойылатын бонус мөлшерін төлеу жөніндегі міндеттемелерді тіркейтін құжат болып табылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Аукцион қорытындылары туралы хаттамада мынадай деректер қамтылады:

- 1) аукцион туралы мәліметтер;
- 2) объект туралы мәліметтер – блок коды (блок кодтары);
- 3) аукцион қорытындыларының тізілімі.

Аукцион қорытындылары туралы хаттама аукцион қорытындыларын және жеңімпаздың өзі ұсынған немесе көзделген мөлшерде қол қойылатын бонусты төлеу міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

28. Аукцион қорытындыларының тізілімін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион аяқталғаннан кейін тізілімнің веб-порталы қалыптастырады.

29. Аукцион қорытындылары бойынша блоктарды (блоктарды) лицензияға қосуға басымдық аукцион жеңімпазына оның лицензияға берген өтінішіне сәйкес беріледі.

30. Қол қойылатын бонустың ең жоғары мөлшерін растаған қатысушы аукцион (сауда) жеңімпазы болып танылады.

31. Жеңімпаз қол қойылатын бонусты аукцион қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық әмиянға төлеуге тиіс.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Қол қойылатын бонус Қағидаларда белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, әрбір келесі қатысушы (бұдан әрі - келесі қатысушы) ол растаған қол қойылатын бонустың мөлшерін ескере отырып, аукцион қорытындылары тізіліміне сәйкес кезектілік тәртібімен жеңімпаз болып есептеледі. Сондай-ақ, блоктарды (блоктарды) лицензияға олардың берген өтінішіне сәйкес лицензияға қосу басымдығы келесі қатысушыға ауысады. Бұл жағдайда қол қойылатын бонус жеңімпаз мәртебесін жоғалтқан аукционның алдыңғы қатысушысы үшін қол қойылатын бонусты төлеу мерзімі өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде төленуге тиіс.

33. Аукцион қорытындылары бойынша блокты (блоктарды) қосуға басымдық жер қойнауы туралы Кодекстің 19-бабы 2-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде және 186-бабы 3-тармағында көзделген барлау аумағын қалыптастыру шарттарының сақталуы ескеріле отырып белгіленеді. Көрсетілген талаптарды сақтау мүмкін болмаған жағдайда аукцион қорытындылары бойынша блокты (блоктарды) қосуға басымдық келесі қатысушыға өтеді. Қол қойылатын бонусты өзі растаған мөлшерде төлеу жөніндегі міндет те көрсетілген қатысушыға өтеді.

34. Аукцион қорытындылары бойынша немесе осы Қағидалардың 31, 32 және 33-тармақтарына сәйкес блокқа (блоктарға) қатысты айқындалған қол қою бонусының сомасын төлеу жөніндегі міндеттеме барлауға лицензия беру үшін шарт болып табылады, ал оны орындамау – лицензия беруден бас тарту, сондай-ақ жеңімпазға, келесі қатысушыға немесе осы аукционға қатысушылардың деректерін тікелей немесе жанама бақылайтын немесе олардың бақылауындағы адамға пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру лицензия беруден бес жыл ішінде бас тарту үшін негіз болып табылады.

35. Қол қойылатын бонусты төлеуді тікелей қатысушы электрондық әмиянды толықтыру және кейіннен қол қою бонусының түпкілікті мөлшерін бюджетке аудару туралы өтінішке ЖҚПБП арқылы қол қою арқылы жүргізеді.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Қатысушының оған басымдық пен міндеттемелердің ауысуы туралы хабарламасын құзыретті орган ЖҚПБП-да қалыптастырады және автоматты түрде қатысушының жеке кабинетінде тізілімнің веб-порталында орналастырылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.05.2025 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Лицензия бойынша қол қойылатын бонустың түпкілікті сомасы аукцион (аукцион) қорытындылары бойынша төленуге жататын (жататын) қол қойылатын бонус (қол қойылатын бонустар) сомасынан және лицензия берілгеннен кейін төленуге тиіс Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген қол қойылатын бонус сомасынан қалыптастырылады.

38. Қатысушылардың бірде-бірі қол қою бонусын төлемеген жағдайда, құзыретті орган ЭЦҚ-мен тізілімнің веб-порталында аукцион нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды.

39. Осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қол қою бонусының бастапқы мөлшерін растау болмаған немесе олардың қол қою бонусын төлемеген жағдайда, бағдарламаға алғаш рет енгізілген (енгізілген) блокқа (блокқа) басымдық беру аукционға қатысушылар ретінде тіркелмеген өтініш берушілерден лицензияға өтініштердің түсу кезектілігі тәртібімен. оларды қабылдау басталған күннен бастап белгіленеді.

40. Қол қойылатын бонус, оның ішінде өтініш беруші жер қойнауы туралы Кодекстің талаптарына сәйкес қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын тиісінше қамтамасыз етудің құзыретті органына ұсыну мерзімін сақтамаған жағдайда, қол қойылатын бонус төленген күннен бастап есептелетін қырық жұмыс күні ішінде қайтарылуға жатпайды.

41. Аукцион барысында аукционға қатысуға кедергі келтіретін техникалық іркіліс туындаған кезде қатысушы:

1) аукционға қатысушының мониторуна бірыңғай оператордың байланыс деректері бар электрондық хабарламаны шығару жолымен тізілім веб-порталымен тұрақты байланыс болмаған сәттен бастап 30 секунд ішінде хабардар етіледі;

2) телефон немесе электрондық хабарлама арқылы дереу бұл туралы бірыңғай оператордың байланыс деректері бойынша хабардар етеді.

42. Бірыңғай оператор техникалық іркіліс фактісін тіркейді және ол тізілім веб-порталы жағында болған кезде тізілім веб-порталында ақпаратты орналастыру арқылы аукционға қатысушылардың барлығын хабардар етеді.

43. Қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникациялық жабдығының техникалық ақаулығы кезінде аукцион жалғастырылады.

44. Осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген тізілім веб-порталының аукционды өткізуге немесе аукционды өткізу рәсіміне кедергі келтіретін техникалық іркіліс фактісі болған жағдайда, бірыңғай оператор бұл туралы құзыретті органды жазбаша хабардар етеді және аукционды жалғастырудың күні мен уақыты туралы аукционға қатысқан қатысушыларды міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, техникалық іркілісті түзеткен күннен кейін келесі жұмыс күніне ауыстырады веб-порталында ақпарат орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы осы аукционның өткізілуін қамтамасыз етеді.

45. Егер аукцион өткізілетін күні аукционға бірде-бір қатысушы тіркелмесе, аукцион өтпеді деп танылады және қайталама аукцион өткізілмейді. Бұл жағдайда бағдарламаға алғаш рет қосылған (қосылған) блокты (блокты) қосуға басымдық оларды қабылдау басталған күннен бастап лицензияға өтініштің түсу кезектілігі тәртібімен белгіленеді.

46. Аукционды өтпеді деп тану тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын және құзыретті орган ЭЦҚ-мен қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

47. Қатысушының немесе құзыретті органның талап етуі бойынша аукционды жарамсыз деп тану сот шешімі бойынша жүргізіледі.

48. Лицензия берілгенге дейін аукционның жарамдылығына дау айтылған жағдайда, оны беру сот шешімі шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

49. Аукционды жарамсыз деп тану берілген лицензияның жарамсыздығына әкеп соғады.

50. Аукционды ұйымдастыру және өткізу барысында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Бірдей басымдығы бар қатты
пайдалы қазбаларды барлауға
лицензия беру туралы өтініш
бойынша өтініш берушілер
арасында аукцион өткізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Аукционға қатысуға өтінім

1. Объект бойынша бірдей басымдығы бар өтініш берушілер арасында Пайдалы қатты қазбаларды барлауға құқық беруге аукцион өткізу туралы жарияланған хабарламаны қарап:

(аукцион объектісі, қатты пайдалы қазбалар учаскесі (блогы) бойынша мәліметтер) және бірдей басымдығы бар өтініш берушілер арасында аукцион өткізу қағидаларымен танысқаннан кейін мемлекеттік мүлік тізілімнің веб-порталында e-qazyna.kz адресі бойынша 20 жылғы " " өтетін сауда - саттыққа қатысуға өтінішті және қатысушы ретінде тіркеуіңізді сұраймын (мыз)_____

_____.

(жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы)

2. Сауда-саттық объектісі бойынша мәліметтер: _____

—

3. Менің (біздің) қатысушыға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келмейтінім және (немесе) осы өтініште мәлімделген ақпараттың анық еместігі анықталған жағдайда, мен (біз) сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатыныма келісемін.

4. Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын (растаймын) және дәйексіз мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілікте болатыным туралы хабардармын (хабардармын).

5. Мені жеңімпаз деп таныған және Мен (біз) заңнамада белгіленген мерзімде қол қою бонусын төлемеген жағдайда, осы өтініште көрсетілген барлық блоктар бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензия беру туралы өтінішімнен бас тартқанымды растаймын.

6. Ақпараттық жүйелерде және деректер базасында қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мен (біз) туралы мәліметтерді пайдалануға келісемін.

7. Өзім туралы мәліметтерді ұсынамын:

Заңды тұлға үшін: _____

Атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

Банктік сәйкестендіру коды _____

Банктің атауы _____

Бенефициар коды _____

Жеке тұлға үшін:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса). _____

ЖСН _____

Төлқұжат деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі: _____

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Қатысушы 20 __ жылдың " __ " _____ сағат 00:00-де қол қойды және жіберді:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты

Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:

Құзыретті орган 20 __ жылдың " __ " _____ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты

Қатысушының аукциондық нөмірі

(сауда-саттық аяқталғаннан кейін көрсетіледі) _____

Бірдей басымдығы бар қатты
пайдалы қазбаларды барлауға
лицензия беру туралы өтініштер
бойынша өтініш берушілер
арасында аукцион өткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Аукцион қорытындыларының тізілімі

Аукцион нөмірі: _____

Аукционның басталу күні мен уақыты: _____

Сауда-саттық объектісі бойынша мәліметтер: _____

Қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері, теңге: _____

№ аукцион адымы	Қол қойылатын бонустың мөлшерін растау күні мен уақыты	Қатысушының аукциондық нөмірі	Қол қою бонусының расталған мөлшері
1	2	3	4
1			
2			
